

Естеліктер жинағы ел-жұртпен қауышты

Азамат Қасым

15-желтоқсан – көзі тірісінде-ақ «Махаббат жыршысы» атанған қаламгер, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жерлесіміз Әзілхан Нұршайықовтың туған күні.

Кеше Өскемендегі Пушкин атындағы облыстық кітапханада «Тәуелсіздіктің 20 шыңы – 20 жұлдызды күн» акциясының Мәдени мұра күні аясында ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы һәм жазушының туған күні қарсаңында облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі, жазушы Нұрдәулет Ақыштың, қаламгердің шәкірті, әскери журналист, отставкадағы полковник, зейнеткер Шаймардан Қалиақпаровтың, жазушының Алматыдан келген немерелері Сәкен мен Әлияның және өңірдегі қаламгерлер қауымының қатысуымен «Әз-аға» атты естелік-жинақтың тұсаукесер рәсімі өтті. Айта кетейік, жазушының замандастары, достары мен әріптес қаламгерлерінің естеліктері топтастырылған «Шығыс-Ақпарат» баспасынан шыққан естелік жинақты құрастырушы – Жанар Нұршайықова, кітаптың жарық көруіне демеушілік көрсеткен – облыс әкімдігі.

– Ең әуелі М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының және Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының атынан осы кітаптың жарыққа шығуына қолдау жасаған облыс Әкімі Бердібек Мәшбекұлына алғыс айтқым келеді. Өмірден озғанына көп бола қоймаса да, ағамыз туралы тез арада осындай сапалы, салмақты жинақ шығара алу әдебиетті жақсы білетін, әдебиетті қадірлейтін басшының ғана қолынан келмек. Әз-аға жазған шығармаларымен соңына ескерткіш қалдырса, бұл кітап Шығыс жұртының Әз-ағаға соққан ескерткіші деп есептеймін, – деді тұсаукесердің шымылдығын ашқан қаламгер Нұрдәулет Ақыш. Содан соң сөз кезегін

сыр берген денсаулығына қарамай Өскеменге келіп, «Сендермен бірге мен де алауды алып жүремін» деп алауды алып жүріп, ашылу салтанатына



аймақ басшысына ұсынды.

– Әз-ағанды бұрыннан білсем де, осы өңірге басшылыққа келгеннен кейін тіптен жақын араласым кеттік. Өздеріңіз жақсы білесіздер, 2009 жылы «Туған жерге – тағзым» акциясын бастаған болатынбыз. Сол кезде Әз-аға бірінші болып келіп, Жарма ауданының шаубауын көтеріп, екі күн Өскеменде болды. Сол уақыттан бастап Әз-аға өңірдегі шаралардың ешқайсысынан тыс қалған жоқ. Ешқашан шақыруымызды жерге тастаған емес. Азида ойындарының алауы жағылған кезде де тоқсанға таяған жасына,

қатысып, өзінің жерлестерінің мерейін асырды. Менің ойымша сол кезде Әз-ағандың жасы үлкен ешкім болған жоқ. Бұл Әз-ағаның туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі деп білемін, – деп тебірене сөйлеген облыс Әкімі естелік-жинақты шығаруға атсалысқан қаламгердің ұл-қыздарына алғысын білдірді.

Тұсаукесер рәсімінің соңында аймақ басшысы жиялған қауымда Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойымен құттықтап, бір топ кітапхана қызметкерлеріне Құрмет грамоталарын тапсырды.